

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 258 (4835) 1955 жылғы 30 декабрь Жұма

Шығуына 36 жыл, жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).
 СССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясы (1-бет).
 ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Т. Кәдіров. — Әңгіме мал қыстатудан тыс қалған коммунистер туралы (2-бет).
 Кәсіподақ ұйымдарының төл ісі (2-бет).

Қ. Амантаев. — Біздің абройлы борышымыз (2-бет).
 КПСС XX СЪЕЗІН ЛАЙЫҚТЫ ҚАРСЫ АЛАЙЫҚ: Г. Працкер. — Социалистік жарыс табысқа жеткізді. Х. Рахметов. — Жаңа міндеттеме. Т. Сейтов. — Вагон айналымы гездетілуде (3-бет).
 Н. Өтеубаев. — Төменгі физкультура коллективтерінің жұмысына жете қоңіл бөлінсін (3-бет).

Г. Плевако. — Мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлерінің маңызды міндеттері (3-бет).
 Б. Антонов. — Атом қуаты бейбітшілік қызметінде (4-бет).
 Шетелдік хабарлар (4-бет).

Коллективтік—партиялық басшылықтың жоғары принципі

Еліміз дақты Совет Одағы Коммунистік партиясының XX съезіне қызу әзірленуде. Бұл тарихи оқиғаға партия ұйымдары партия тұрмысының лениндік нормаларын қатаң сақтап, партиялық жұмыстың, шаруашылық пен мәдени құрылыстың барлық саласына басшылықты онан әрі жетілдірумен келгелі отыр.

Өйткені, партиялық басшылық совет адамдарының коммунистік қоғам орнату жолындағы күресінде табыстан табысқа жете берудің бірден-бір шешуші шарты болып табылады. Ал коллективтік басшылық — партиялық басшылықтың жоғары принципі. Бұл принцип партияның ұйымдық құрылымының сыпатымен бейнеленді.

Облыс партия ұйымында жұмыста өткен есеп беру-сайлау жыйналыстары мен партия конференциялары партиялық басшылықтың коллективтік принципінің қатаң сақтау мәселесіне ерекше назар аударды. Басшы партия қызметкері социалдықты білімді, тәжірибелі болғанымен, ол тұтас бір коллективтің ролін атқара алмайды. Партиямыздың тарихы мен теориясын тереңнен үйреніп отыратын, өз тәжірибелерін бұқараның тәжірибесімен байытып отыратын басшылардың коллективті ғана дұрыс, іскерлікпен басшылық етуді қамтамасыз етеді.

Партиямыздың нұсқауларын жүзеге асыра отырып, облыс партия ұйымы басшылықтың коллективтік принципінің қатаң сақтау жөнінде игі шараларды ойдағандай жүзеге асырып келеді. Көп жерлерде бастауыш партия ұйымдарының жыйналыстары, партия активінің жыйналыстары, партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен пленумдары жүйелі түрде, коммунистердің зор белсенділігімен өтетін болды.

Алайда, атап айтқан жөн, істің бұл саласында елеулі кемшіліктердің көріністері де жоқ емес. Кейбір партия ұйымдары коллективтік басшылықтың принципінің жете бараламайды, сөйтіп, оның бұрмалануына жол береді. Мәселен, Приешім МТС-і партия ұйымының бұрынғы секретары Шатунов жолдас бір жылда партия жыйналысын төрт-ақ рет өткізіп, КПСС Уставының талабын бұрмалады. Ол партия

іскер, коллективтік басшылықты талап етеді. Алайда, бұйыл Ленин аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілісінде колхоз, МТС, совхоз партия ұйымдарының есебін тыңдау үшін уақыт таштады.

Мұндай фактілерге, басшылықтың коллективтік принципінің бұрмалануына тиісті де түзуге болмайды. Партия ұйымдары мен партия комитеттері шаруашылық және мәдени құрылыстың, партиялық жұмыстың түбірлі мәселелерін коллектив болып терең талқылау әдісімен қарар қабылдауға жетісуге тиіс. Мәселені бұлай талқылау — басшылардың кең тобының білімдері мен тәжірибелерін толық пайдалануды, істің тағдырын дұрыс шешуді, басшы және қатардағы коммунистердің белсенділігін арттыруды қамтамасыз етеді, қателер жіберуден сақтандырады.

Өрине, коммунистердің, партия активтерінің жыйналыстарын, партия комитеттерінің бюро мәжілістері мен пленумдарын өткізуді даурықпалы думанға айналдыруға тиісті де болмайды. Бұл үшін алдымен өзіндік жұмыстарын мұқият жүргізу қажет. Басшы қызметкерлердің баяндамалары істің жайын терең бейнелеп, принципті сын мен өзара сынды кеңінен өрістетейді, тыңдаушылардың бағалы пікір айтуына жеткізетіндей болуы керек. Петропавл аудандық партия конференцияларында кейбір делегаттар мынаны мәлімдеді: аудандық партия комитетінің секретары Петухов аудандық Совет атқомінің председателі Маслова жолдасар өздері ғана бұл сақты пікір айта аламыз деп ойлап, бюро мәжілістерінде ұзақ сөз сөйлейді, басқалардың пікір айтуына мүмкіндік болмайды. Бұл дұрыс емес, мұның іске нұқсан келтіруі мүмкін.

Коллективтік басшылықты жүзеге асыру мақсаты коллектив болып қойылып жатса, басшылықты өндіретін тағдыры шешіліп жатқан жерлерге жақындатуды, істің орындалуын тексеруді ұйымдастыру қажет етеді. Жанды жұмыс, ұйымдастыру жұмысы болмаған жерде жап-жақсы қабылдаған қарарлардың қағаз жүзінде қалып қалуы ықтимал. Мұны арқашан есте ұстау басшы қызметкерлердің

СССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясы Одақ Советінде

27 декабрьде Москвада төртінші сайланған СССР Жоғарғы Советінің төртінші сессиясы өзінің жұмысын онан әрі жүргізді.

Танертең сағат 9-да Кремльдің Үлкен Сарайында Одақ Советінің екінші мәжілісі ашылды. Одақ Советі Президиумының орынбасары депутат В. П. Мжаванадзе председателдік етті.

СССР-дың 1956 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті туралы және СССР-дың 1954 жылғы Мемлекеттік бюджетінің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөзде депутат М. Ю. Шумаускас (Литва ССР-і) сөз берді. Ол Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің көмегі арқасында Литва Республикасының социалистік құрылысына зор табыстарға қалай жетіп отырғанын айтты. Литваның өнеркәсібі шығаратын өнімнің көлемі 1955 жылы 1950 жылғымен салыстырғанда өкіжарым есе және 1940 жылғымен салыстырғанда 4,8 есе артты. Тұрғынхана, кемеделер, станоктар, электротехникалық бұйымдар, ауылшаруашылық машиналары шығару арта түсті.

Бұдан кейін депутат Шумаускас көзір республика шаруашылығын өркендетудегі елеулі кемшіліктерді жою жөнінде жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтты.

Депутат Шумаускас СССР-дың 1956 жылға арналған Мемлекеттік бюджеті бекітілген деген ұсынысты қолдады.

Депутат З. М. Муратов (Татар ССР-і) былай деді: Татарстанның экономикасы мен мәдениетін өркендетуге Мемлекеттік бюджет бойынша жыл сайын орасан көп қаржы бөлініп келеді. Республикалық өнеркәсіп өндірісінің көлемі 1955 жылғы ноябрьде 1950 жылдың дәрежесімен салыстырғанда 178 процент болды. Кәсіпорындары жоспардан тыс жарты миллиард сомнан асатын өнім берді. Республиканың мұнай кәсіпшіліктерінде төртінші сайын шығарылып отырған мұнайдың көлемі елімізде ежелден бергі мұнай өндірілетін Бакуде шығарылып отырған мұнайға тең. Бірақ мұнай өнеркәсібінің жұмысына

сіпорындарын неғұрлым арзан, тез және жақсы салуға тиіспіз. Мұнайшылар жылдың аяғына дейін жоспардан тыс 2 миллион 600 мың тонна мұнай береді, сөйтіп 1955 жылы мұнай шығару дәрежесі 1950 жылғымен салыстырғанда 85 процент арттырылсын деген КПСС XIX съезінің директиваларын орындап шығады деп министр депутаттарды сендірді.

Депутат С. Бабаев (Түркия ССР) сөз сөйледі. Ол республиканың мұнай шығару және мұнайды қайта өңдеу өнеркәсібінің табыстары туралы айтты, оның бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындағанын хабарлады. Депутат Бабаев СССР Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің республикада қабырғалық блоктар өндіретін жаңа кәсіпорындар салуға көбірек көңіл бөлуге тиіс екеніне назар аударды.

Депутат Бабаев сонымен қатар, 1956 жылға арналған Мемлекеттік бюджет бекітілген деген ұсынысты қолдады.

Депутат А. С. Борисенко (Балашов облысы) облыстың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің өнімдерін өндіруді арттыру үшін қалай күресіп жатқанын айтты. Үстіміздегі жылдың алдымен шығарып қорытындыларын талқылаған колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының жыйналыстарына ауылшаруашылық жерінің 100 гектарына шаққанда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыруға мүмкіндік беретін зор резервтер ашылды. Мысалы, Балашов ауданындағы «Смычка» совхозы ауылшаруашылық жерінің 100 гектарына шаққанда мемлекетке 129,2 центнерден ет тапсырды. Родничков ауданындағы «Красный Октябрь» колхозы ауылшаруашылық жерінің 100 гектарына шаққанда 127 центнерден сүт алынуын қамтамасыз етті.

Шешен былай деп мәлімдеді: облыс ауыл шаруашылығының қызметкерлері КПСС Орталық Комитеті январь Пленумының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру жөнінде 1960 жылға белгілеген тапсырмасын 1956-1957 жылдардың өзінен

ісін жақсарту міндетін алға қойды. Бұл нұсқаудың, деп атап көрсетті шешен, өзінің шикізат байлығы орасан мол Тәжікстанның өнеркәсібін онан әрі өркендету ісіне тікелей қатысы бар. Республиканың территориясында көмірдің, түсті металдардың және басқа пайдалы қазба кендердің өнеркәсіптік зор кендері ашылды. Бір-

Ұлттар Советінде

Ұлттар Советі Председателінің орынбасары депутат Н. Е. Авхимовичтің председателдік етуімен Ұлттар Советінің мәжілісінде СССР-дың 1956 жылға арналған мемлекеттік бюджеті туралы және 1954 жылғы Мемлекеттік бюджеттің орындалуы туралы баяндама бойынша жарыссөзде бірінші болып депутат Н. Т. Тлостанов (Кабардин АССР) сөз сөйледі. Ол СССР-дың 1956 жылға арналған Мемлекеттік бюджетінің жобасын мақұлдады, бюджет қаржыларының Кабардин республикасында қандай мақсаттарға пайдаланылып отырғанын айтты. Бұл қаржының төрттен үш бөлігі алысқа-ағарту, денсаулық сақтау, ғылым мен мәдениетті дамытуға бағытталуда. Жергілікті орындарға бағынатын өнеркәсіпті өркендетуге бөлінген қаржы үстіміздегі жылы 1950 жылғымен салыстырғанда екі еседен астам артты.

Республиканың экономикасын өркендетуге қол жеткен кейбір табыстарды атап өтіп, депутат Тлостанов бұдан кейін өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы айтты. Республиканың кейбір кәсіпорындарында мемлекеттік жоспар өнімнің түр-түрі жөнінде орындалмай келеді, орынсыз шығындарға жол беріліп жүр. Ғылым жетістіктері, озат тәжірибелер ауылшаруашылық өндірісіне сылдыр енгізілуде.

Республиканың партия және совет ұйымдары, деп мәлімдеді Тлостанов жолдас, өнеркәсіп жұмысындағы кемшіліктерді жою, ауыл шаруашылығының барлық салаларын өрле бастыруға жету үшін шаралар қолдануда.

Депутат А. А. Мюрисеп (Эстон ССР) өзінің өзінің баяндамасын республика халық

ақ бұлардың қоры ойдағандай өндірілмей келеді. Осыған байланысты шешен СССР Түсті металлургия министрлігі мен СССР Көмір өнеркәсіп министрлігін сынады.

Одақ Советінің мәжілісінде сонымен қатар депутат Н. В. Дюлев (Рязань облысы) және Б. Ф. Аманова (Өзбек ССР) сөз сөйледі.

тың мемлекет шығыны 50 миллион сомнан асады.

Депутат Плудон 1956 жылға арналған Мемлекеттік бюджет бекітілген деген пікір айтты.

СССР Жоғары білім министрі В. П. Элютинге сөз берді. Мемлекеттік бюджетте, деді ол, елімізде ғылымды, мәдениетті және білімді онан әрі дамытуға әдейі қаржы бөлініп отыр. Көзіргі уақытта жоғары оқу орындарында 1 миллион 865 мың студенттер оқиды. Совет Одағының халық шаруашылығы жыл сайын 200 мыңнан аса арнаулы білімді мамандар алып келеді.

Ондаған мың студенттердің өндірістен қол үзбей даярланып жатқанын атап айта келіп, Элютин жолдас кемші оқуды және сырттан оқып білім алуды бұрынғыдан мағұрлым ұлғайту қажет екені туралы айтты.

Шешен еліміздің өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының бұдан былайғы техникалық прогресс жолындағы күреске жоғары оқу орындарының қатысуына тоқталды.

Депутат С. Намалов Өзбекстан ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің мақта өндіруді арттыру үшін қалай күресіп жатқаны туралы айтты. Мақта өсіру агротехникалық жаңа прогрестік әдісін шешу қол жеткен жұмысқа мықтап азайтуға және мақта өсірінің зор көлемінде бұл дақылдың шығымдылығын арттыруға мүмкіндік берді. Камалов жолдас Өзбекстанның еңбекшілері атынан республиканың мақта өсіру шаруашылықтарын жаңа техникамен жабдықтауға көрсеткен туысқандық қамеі үшін Москвадан, Ленинградтан,

тиялық-шаруашылық жұмыстардың маңызды мәселелерін бір өзі ғана шешуге тырысып, коммунистердің үнінде күлақ аспады. Осы себепті партия ұйымында партиялық-саяси жұмыстың жабы әлсіреді. Бұлай шығатын қорытынды сол, толғары жеткен маңызды мәселелерді коммунистердің талқысына салмайынша, олардың тәжірибелерін пайдаланбайынша дүрыс басшылық етуге болмайды.

Партия конференцияларында мәлім болғандай, бізде мәжлісшілікпен күресті сылтау етіп, бюро мәжілістері мен пленумдарды, партия активінің жыйналыстарын мезгілінде шақырмайтын партия комитеттері де бар. Бұлаев аудандық партия конференциясының делегаттары үстіміздегі жылдың алғашқы он ай бойы партиялық жұмыстың, сондай-ақ шаруашылық мәселелердің маңызды мәселелері жөнінде бірде-бір пленум өткізбегені үшін аудандық партия комитетін орынды сынады. Ал партия активінің жыйналымы бұл ауданда бір-ақ рет өтті.

Бұл ауып партия ұйымдарының жұмысын жақсарту міндеті аудандық партия комитетінің, оның біріншінің таралымын

Партиялық басшылықтың коллективтік принципі дара басшылықты жоққа шығармайды, оның ролін қайта арттырады, жеке қызметкерлердің тапсырылған жұмысқа жауапкершілік сезімдерін күшейтеді. Бұл жөнінде ұлы Ленин былай деген болатын: талқылау — ортақ іс, жауапкершілік — жеке іс. Коллектив болып қабылдаған қаулытарды орындау жөнінде оперативті нұсқау беру, жергілікті жерде практикалық көмек көрсету және басқа осы сыяқты маңызды жұмыстар басшылықтың жарамсыз әдістерінен, кеңесімдіктен, орынсыз мәжлісшіліктен сақтандырады, жұмыста игі нәтижелер береді.

Облыстың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын онан әрі өрге бастыру жөнінде зор міндеттер тұр. Бұл міндеттердің ойдағыдай жүзеге асырылуы партиялық басшылық стилін үнемі жақсарту беруді талап етеді.

Партия ұйымдары коллективтік басшылықты байсалдылықпен жүзеге асыра отырып, облыс еңбекшілерін шаруашылық пен мәдени құрылыстың зор міндеттерін жүзеге асыру жолына жұмылдыра беруге тиіс.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің шақыру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

Төртінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советінің екінші сессиясы 1956 жылғы 20 январьда Алматы қаласында шақырылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **Ж. ТӘШЕНОВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**

Алматы қаласы. 28 декабрь, 1955 жыл.

СССР халық суретшісі К. Ф. Юонды Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Совет бейнелеу искусствосын дамыту саласында сіңірген еңбектері үшін, тұрған күніне 80 жыл және творчестволық қызметіне 60 жыл мерекесімен байланысты СССР халық суретшісі Константин Федорович Юон Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль. 27 декабрь, 1955 жыл.

Тоғарлы сүт фермасын электрлендіру

СЕМЕН, (ҚазТАГ). Жапсаремей ауданының «30 лет Казахстана» колхозының тоғарлы сүт фермасында қуатты тоғыз киловатт электр станциясы пайдалануға берілді. Ол сыйыр саууды, жемшөп өсіруге механикаландыруға, барлық түрғын үйлер мен ферманың қораларын электр жарығымен қамтамасыз етуді жолға қоюға мүмкіндік берді. Шағын қуатты осындай электр станция осы ауданның «III Интернационал» ауылшаруашылық

артелиннің тоғарлы сүт фермасында да іске қосылды.

Новоцүлба ауданының Ленин атындағы, Новоокров ауданының Киров атындағы, Жарма ауданының «Рассвет» колхоздарының және басқа шаруашылықтардың фермаларында шағын қуатты электр станциялар жұмыс істейді. Кәзір облыстың көптеген колхоздары мал фермаларын электрлендіруді жүзеге асыруда.

жолдас жөн-жөнедей, газды біздің наһар пайдаланып отырғанымыз болып табылады. Мұның өзі жергілікті органдардың да, сондай-ақ Құрылыс министрлігі мен Мұнай өнеркәсіп министрлігінің де кінәсінен болып отыр, бұлар газ провалының жүйесін орнатумен, компрессорлық станциялар және басқа объектілер салу мен қанағаттанғысыз шұғылданып келеді.

Депутат Мұратов мынаны хабарлады: соңғы екі жылдың ішінде республикада, көбінесе мұнайлы аудандарда, 320 мың шаршыметрден астам тұрғын үйлер салынды, тұрғын үйлер құрылысын ұлғайту үшін индустриялық база құрылууда.

Депутат Мұратов шығып сөйлеген шешімдердің 1956 жылға арналған СССР Мемлекеттік бюджеті бекітілген деген ұсыныстарына қосылды.

Депутат Н. И. Мухомелишвили (Грузия ССР) республиканың шаруашылығын өркендетудің кейбір қорытындылары туралы айтып, ғылым мен жоғары білім мәселелеріне айырықша көңіл бөлді. Кәзіргі уақытта Грузияда 146 ғылыми-зерттеу мекемелері мен 19 жоғары оқу орындары бар, бұлар соңғы екі жылдың ішінде білемнің ең алуан түрлі салалары бойынша 10 мыңнан аса жас мамандар даярлап шығарды. 1941 жылғы құрылған Грузия ССР Ғылым академиясы ғылыми пікірдің шын мәнісіндегі орталығына айналды.

Соңғы уақытта республикада ғылымның жетістіктерін өндіріске енгізу жұмыстары ерекше кең өріс алды. Грузия Ғылым академиясының ғылыми мекемелері атом қуатын бейбіт мақсаттарға қолдану мәселелерімен жемісті түрде шұғылданыуда.

Мухомелишвили жолдас бұдан кейін жоғары оқу орындарында оқыту әдістерін өзгерту қажет екені туралы айтты. Оның пікірінше, міндетті лекциялар азайтылуға және оқулықтар мен көрнекі құралдардың шығарылуы арттырылуға тиіс.

СССР Мұнай өнеркәсіп министрі М. А. Евсеевко жолдас былай деді: министрліктің кәсіпорындары мұнай шығарудың және қайта өңдеудің жылдық жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Мұнайшылар коллективінің жанқиярлықпен жұмыс істеуі арқасында мұнай өнеркәсібі өнімдерінің өзіндік құны 11 айдың ішінде жоспардағы 4,9 проценттің орнына 6 процент кемітілді. Соңғы уақытта Татарстанда, Башқұртстанда, Саратов, Сталинград облыстарында және еліміздің басқа да аудандарында мұнайдың жаңа көздері ашылды.

Біздің міндетіміз, деді министр, сол мұнайды қайта өңдейтін заводдар, трубопроводтар және басқа кәсіпшілік шаруашылығын салуда мемлекеттік бюджетте көзделіп отырған қаржыны мейлінше жақсы пайдалануда болып отыр. Біз мұнай қа-

Устіміздегі жылы, деп депутат М. А. Яснов (Москва) Совет үкіметі халықаралық қатынастары дамыту саласында зор табыстарға жетті. Қоғамдық және саяси құрылымы өртүрлі мемлекеттердің бейбіт қатар өмір сүруі туралы лениндік идеяларды бүкіл дүние жүзінде миллиондаған адамдар қолдады және мақұлдады. Н. А. Булганин мен Н. С. Хрущев жолдасардыа Индияға, Бирмаға және Афғанстанға барып келген, СССР мен Азия елдері халықтарының арасында достықты ығыайтқан сапары Совет Одағы ойдағыдай жүргізіп отырған бейбітшілік пен халықаралық ынтымақ саясатының айқын айғағы болып табылады.

Депутат Яснов бұдан кейін кәзір Отандық астамасында жүргізіліп жатқан зор көлемді өнеркәсіп және мәдениет құрылыстары туралы айтты. Жалпы өнім және бұйымдардың аса маңызды түрлерінің көпшілігін шығару жөнінде бұйымға жылдық мемлекеттік жоспары мерзімінен бұрын орындалды.

Тұрғын үйлер салу және қаланы көркейту жұмыстарының көлемі мен қарқыны арта түсуе. Устіміздегі бесжылдықта 4.240 мың шаршыметр, яғни бұдан бұрынғы бесжылдықтардағы 3 есе артық тұрғын үйлер салынды.

Депутат Яснов құрылысты ұйымдастыру, оның құны кеміту мәселелеріне тоқталды.

Депутат А. Е. Кочинян (Армян ССР) мынаны хабарлады: республиканың өнеркәсібі бесінші бесжылдықтың жоспарын барлық көрсеткіштер бойынша асыра орындады. Бұйым өнеркәсіп өнімнің көлемі 1950 жылдың дәрежесінен 2 есе, ал соғысқа дейінгі 1940 жылдың дәрежесінен 5 есе артып түсті.

Алайда, деп атап өтті шешен, кейбір кәсіпорындары жұмысты әлі де біркелкі істемейді, өндірістік жоспарлар және еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту жөніндегі тапсырмаларды орындап отырмайды. Бірқатар кәсіпорындардың басшылары жаңа техниканы енгізу үшін наһар күреседі, өндірістің экономикасына терең зер салмайды.

Депутат Кочинян бұдан кейін жергілікті өнеркәсіп пен кәсіпшілік кооперациясының кәсіпорындарын жаңа жабдықтар мен қамтамасыз етудің қажет екені туралы, суландыру каналдарының құрылысын салуды тездету қажеттігі туралы айтты.

КПСС Орталық Комитетінің июль Пленумы, деді депутат Т. Олигабаев (Тәжік ССР), өнеркәсіп орындарын географиялық жағынан тиімді орналастыру және өнеркәсіпті шикізат пен отынның шығатын көздеріне жақылату туралы партияның директиваларын басшылыққа ала отырып, еліміздің ішкі күштерін жалпы мемлекеттік жоспарлау және орналастыру

шаруашылығының шешуші саласы болып табылатын сланец өнеркәсібін өркендетуге арнады. Ол сланецті қазу және байыту жөніндегі еңбекті көз керек ететін жұмыстарды механикаландыру мәселелерін қанағаттанғысыз шешіп отырған СССР Көмір өнеркәсіп министрлігінің атына бір-қатар сын ескертпелер жасады.

Сессияның қарауына тапсырылып отырған, 1956 жылға арналған СССР Бюджетінің жобасын қуаттай келіп, Мюрисеп жолдас, республикада нан пісіру өнеркәсіп орындарын салуды күшейту, «Құнда» цемент заводуын қайта құру туралы мәселе қойды.

Депутат Т. Я. Ниселев (Белорус ССР) сөз сөйледі. Ол совет мемлекетінің бейбітшіл сыртқы саясаты туралы айтты. Совет адамдары, деді Ниселев жолдас, Булганин мен Хрущев жолдасардыа Индияға, Бирмаға және Афғанстанға барып келген сапарының қорытындыларын бір-ауыздан қызу мақұлдауда. Бұл қорытындылар бізді, совет адамдарын ғана қуантып отырған жоқ. Бұл қорытындылар халықтардың бейбітшілігін, хауіпсіздігін достығы мен ынтымағын ардақтайтын барлық адамдарды қуантуда.

Бұдан кейін республика өнеркәсібінің жұмысына тоқталып, депутат бесжылдық жоспардың және 1955 жылғы жоспардың мерзімінен бұрын орындалғанын атап өтті. Өндіріс көлемі бұйым 1954 жылғымен салыстырғанда 13,5 процент артты. Кәсіп орындардың көпшілігі өнімнің өзіндік құнын кемітуге жетісті. Кәзіргі өндіріс алаңдарында жабдықтарды пайдалануды жақсартты.

Ал оның бер жағында көптеген кәсіпорындар үшінші тоқсанға арналған мемлекеттік жоспарларды орындамалы. Жергілікті және былғары өнеркәсібінің кәсіпорындары, сонымен қатар кәсіпшілік кооперациясы үстіміздегі жылдың 11 айында бюджет айналымынан алынатын салықтың 30 миллион сомын кем берді.

Депутат Ниселев республика медицина мекемелерінің жұмысын нығайту туралы мәселе қойды.

Депутат М. Я. Плудон (Латыш ССР) басқару аппаратының құрылымын жақсарту және оны қысқарту мәселесіне тоқталып, былай деп көрсетті: республикада мемлекеттік басқару орындарын ұстауға жұмсалған қаржы бұйым 1954 жылғыдан 14 миллион сом азайтылды. Алайда әкімшілік-басқару аппараты онан әрі қысқарту және арзандату үшін әлі де зор мүмкіншіліктер бар. Әрбір 100 жұмысшы 20-25 қызметшіден келіп отырған ведомстволар да бар, деді шешен. Бұл істе, әсерсе дайындау ұйымдарында зор кемшіліктер кездесіп отыр. Оларды ұстауға жұмсал-

дарьковтың және Ядримирдің жұмысшыларына алғыс айтты. Өзбекстанның мақтаныштары 1956 жылы мақта өлісінің көлемін 500 мың гектарға арттыруды және мемлекетке үш миллион тонна мақта беруді өздерінің алдына міндет етіп қояды.

Өзінің сөзінде Камалов жолдас, сонымен қатар республикадағы мәдениет және тұрғын үйлер құрылысының мәселелеріне де тоқталды. Бұдан бұрынғы шешендер сыяқты, ол да СССР-дың 1956 жылға арналған Мемлекеттік бюджетін бекіту туралы ұсынысты қолдады.

Депутат М. Д. Данилов өзінің сөзін мариш халқының мәдениетін дамытуға арнады. Республиканың астанасы — Ишкар-Ола қаласында екі жоғары оқу орны, ғылыми-зерттеу институты, 6 арнаулы оқу орны бар. Горький атындағы Поволжьенің орман-техникалық институтының бір өзі орман шаруашылығы мен орман өнеркәсібі үшін үш мың бес жүзден аса маман даярлап шығарды. Соғыстан кейінгі жылдарда бұл институттың коллективі Поволжье ормандарын жетілдіру жөнінде зор жұмыстар жүргізді, ағаш өсудің, ормандарды қалпына келтірудің жаңа әдістерін жасап берді.

Данилов жолдас СССР Жоғары білім министрлігі жер-жердегі жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын дамытуға зор қамқорлық жасайтын болсын деген мәселе қойды.

СССР Азық-түлік өнеркәсіп министрі депутат В. П. Зотов былай деп мәлімдеді: азық-түлік өнеркәсібі жалпы өнім шығару жөніндегі жылдық жоспарды 26 декабрьде орындады. Министрліктің кәсіпорындары жылдың аяғына дейін жоспардан тыс 3,5 миллиард сомнан астам сомның өнімін өндірді. Жаңа қант заводтары іске қосылды, консерв кәсіпорындары, нан заводтары, май фабрикалары, май комбинаттары салынып жатыр.

Устіміздегі жылы қант қызылшасы 1951 жылғы қызылшаның өнімінен 30 процент артық дайындалды. Одан қант 1954 жылғы қызылшаның өнімінен 50 процент артық өндіріледі.

Депутат Зотов былай деді: табыстар бұдан да зор болатын еді, бірақ қант қызылшасы дақылын өсіруге әлі де болса барлық жерде бірдей жете көңіл бөлінбей келеді. Бұл айтылғандардың РСФСР-дың, Рязань, Брянск, Орел, Куйбышев облыстарына және кейбір одақтас республикаларға қатысы бар.

Ұлттар Советінің мәжілісінде, сол сыяқты депутаттар М. П. Гиоргадзе (Грузия ССР), А. В. Гиталев (Украин ССР) және Электр станцияларының құрылысы министрі Ф. Г. Логинов сөз сөйледі.

(ТАСС)

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Әңгіме мал қыстапудан тыс қалған коммунистер туралы

Егер «Бұлақ» колхозында бола қалсаңыз, мал фермаларында сауыншы, шопан, мал күтуші болып жүрген коммунистерді, бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастырып жүрген ұйымшылдарды кездестіре алмайсыз. Бұл оғаш жағдай, бірақ факт. Осы себепті болу керек, мал қораларының маңына тасылған шоп жектің қасы, кейбір күндері малды кезінде шүтп, суаратын адамдар да болмай қалатын сияқты.

Осы жағдайды көзден көргенде қатты қызығасың да, коммунистер, активтер қайда деп ойлайсың. Сөйтіп істің жайымен таныса қалсаңыз, олардың көп екенін, бәрі де осында, колхозда екенін байқайсың. Партия ұйымы аудандағы ірі ұйымдардың бірін саналады, оның есебінде 26 коммунист бар. Бірақ, амал не, олардың бірқатары мал фермаларында емес, өкінішті кезектегі жұмыста жүр, тіпті кейбіреулері үйлерінде қол жұмысын бос отыр.

Рас, партия ұйымының жылынасында мал қыстату маусымының жайы жөнінде екі-үш рет мәселелер талқыланды да. Соңғы бір айда мұндай жылына екі рет өтті. Жарыссөздерде мал қыстатуды ойдағыдай өткізу, фермаларға коммунистер мен комсомолдерді көптеп жіберу, мал өсірушілер арасындағы бұқаралық-саяси жұмысты жақсарту, сөйтіп мал шаруашылық өнімдерін өндіруді арттыру туралы аз айтылмайтын екен. Бұл мәселелер жөнінде әңгіме болғанда колхоз председатели Бөженев, аудандық партия комитетінің мүшесі, соңғы кезектегі ауылдық Совет атқарушының председатели Аражанов, партия ұйымының секретары Ыбраев жолдастар бәрінен де өткір сөйлеп, өзара сынны «жылырып» жібереді екен. Осылардың инициативасы бойынша, мал қыстатуды коммунистердің өз қолына алуы жөнінде қаулылар да қабылданатын болыпты.

Бірақ аталған басшылардың «белсенділігі» жылынастан кейін су бүржікендей басылады. Сондықтан партия жылына-лыстарында қабылданған қаулылар жүзеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қояды. Осыны пайдаланып, Бихамал Аяғанова, Күләт Рамазанова сияқты коммунистер қорамдық еңбекке, колхоз өндірісіне қатыспауды әдетке айналдырыпты. Сөйтіп бұл жеңрейлер от басы, ошақ аясы қалыпты, қорамдық мүддені ұмытты.

Коммунистер Махметов, Әсет Қалиев жолдастар да бұлардан ұзап кете алмай жүр. Соңғы кезде колхоз шаруашылығымен айналыспай, тек жеке шаруашылықтарымен ғана шұғылданатын болыпты олар.

Сондықтан жоғарыда аталған колхоз

өндірісінен қол үзген коммунистерге КПСС Уставының «Партия мүшесі еңбекке өнеге көрсетуге... міндетті» деген талабын ескерту артық болмайтын сияқты.

Саяси үгіт еңбек тәртібін жақсартудың, біздің дамуымызға бөгет жасайтынның бәрін қарсы күрес жүргізудің маңызды құралы екені мәлім. Алайда, колхозда партиялық саяси жұмыстың бұл саласы бағаланбайды. Тізім бойынша, үгіт коллективінің құрамында 17 адам бар. Бірақ олардың көпшілігі талпырылған жұмысқа некекті қарап, өздеріне берілген учасктерде, колхозшылар арасында болмайтын көрінеді.

Мәселен, Молдағалиев, Мәліков, Елеусізов жолдастардың мал өсірушілер арасында болып әңгімелер өткізбегеніне ап-талап уақыт өткен. Сондықтан колхоздың Қарағай және Ақбас бригадаларындағы мал өсірушілердің өзіміздің өмірінен алуан түрлі оқиғалар мен жаңалықтарды кезінде есті алауларына таңдануға болмайды.


Әрине, бұл кемшіліктердің бәрін ең алдымен партия ұйымының секретары Ыбраев жолдас кінәлі. Бұл жөнінде әңгіме болғанда Ыбраев жолдасы қорғау үшін емес, істің пайдасы үшін мына жайды айта кеткен жөн ғой деп ойлаймыз. Ұйымдастыру және саяси жұмыстан тәжірибелері мол колхоз председатели Бөженев, ауылдық Совет атқарушының председатели Аражанов жолдастар сияқты коммунистердің партия ұйымының секретарына көмектесулеріне, тіпті олардың партиялық ішкі жұмыстан көп реттерде тыс келе жатқандарына таңымыз бар. Өйткені, Ыбраев жолдас жас секретарь, ол өмір тәжірибесі мол адамдардың көмегі мен кеңесін қажет етеді. Мұны Бөженев пен Аражанов жолдастар естен шығарған.

—Басқаны айтпағанда, —деп мәлімдейді Ыбраев жолдас, — ұсақ мәселе — колхоз председатели Бөженев жолдас бригадаларды аралау үшін маған көлік те бергісі келмейді.

Мұндай ұнамсыз жағдай Бөженев жолдасының тарапынан жиі кездеседі. Осы қыстың алғашқы айында колхоздың 300 центнер шөпін өзіміздер ұрлап, талан-тараққа салған. Бұл жөнінде коммунистер колхоз председателине кезінде хабарлады. Алайда Бөженев бұған назар аудармады. Ұрланған шөп із-түзсіз кете барды.

Бөженев жолдас басшы шаруашылық қызметкерлеріне жат мұндай қылықтан арылуға тиіс. Өйткені іс мүддесі партия ұйымына, коммунистерге сүйеніп, жұмыс істеуді қажет етеді.

Т. КӘДІРОВ,
(Өз тілшісі)
Ленин ауданы



Қызылорда плотинасының құрылысында қуатты крандар орнату қызу жүргізілуде. Ол су берудің ең басты операцияларын жүргізуге —плотинаның көптонналық темір затворларын көтеріп және түсіріп тұруға арналған. Кранның барлық бөлшектері Ленинградтың Киров атындағы заводында, ал электр жабдықтары Москваның «Динамо» заводында жасалған.

СУРЕТТЕ: кранның жалпы көрінісі.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

Малшылардың жарысы

Приеміш ауданындағы Калинин атындағы және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының мал өсірушілері өзара социалистік жарысқа түскен болатын. Жақында малшылар арасындағы социалистік жарыстың қорытындысы шығарылды. Жарыс қорытындысында Калинин атындағы колхоз сауыншыларының «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозының сауыншыларынан әрбір сауын сыйырдан 30 килограмм сүтті артық алғаны анықталды. Екі колхоздың сауыншылары да социалистік жарыс туын жоғары ұстап, малдың құнарлылығын арттыруға өздерінің барлық күш-қабілеттерін жұмсауда.

Қ. ТҰРЫСБЕКОВ.

Сүт сағула

Чкалов атындағы колхоздың (Мамлют ауданы) сауыншылары малдың құнарлылығын жаз күндерінен кемітпеу үшін күресуде. Күн өткен сайын малдарды күту, жемдеу жақсара түсуде. Қазір сауын сыйырларға тәулігіне 8 килограмм жемшөп, 4 килограмм сабан және 15 килограмм суразық беріледі. Мұның өзі тиісті нәтижесін беруде. Соңғы екі айда өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда әр сауын сыйырдан 85 литр сүт артық

КӘСІПОДАҚ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТӨЛ ІСІ

Ауыл шаруашылығы және дайындау органдары қызметкерлері кәсіподағы ұйымдарының есебінде 37 мыңға жуық кәсіподақ мүшелері тұрады. Бұлардың барсы көпшілігі МТС-тер мен совхоздарда өндірісте тікелей жұмыс істейді.

Облыста өз жұмысын жақсы ұйымдастырып отырған кәсіподақ ұйымдары да бар. Өндірісте еңбек үлгісін көрсетіп жүрген кәсіподақ мүшелері де аз емес. Соның нәтижесінде 1954—1955 жылдары облыста тың және тыңайған жер игеру тапсырмасы ойдағыдай орындалды, демек бір миллион гектардан астам тың жер игерілді. Сөйтіп, 1953 жылмен салыстырғанда егіс көлемі екі есе ұлғайды. Алдағы жылдың егісіне көп жер дайындалды.

Мал шаруашылығын өркендетуде де бірқатар жұмыс ітелді. Озат совхоздар мен МТС-тер сүт өнімділігін арттыруда елеулі табыстарға ие болды. Бұлардың қатарында Мамлют, Чистов совхоздары мен Ленин атындағы, Баян және басқа бірнеше МТС-тер бар. Бұл шаруашылықтарда малды қыстан аман шығару және сүт өнімділігін арттыру жолындағы күрес күннен-күнге күшейе түсуде.

Облыс ауыл шаруашылығында осындай көрінекті жұмыстармен бірге елеулі кемшіліктер де жоқ емес. Кейбір МТС-тер мен совхоздар әлі де болса техника қуатын іске сарқа пайдалана білмейді. Олардың еңбек өнімділігі төмен, өнімнің өзіндік құны қымбат. Озаттардың жұмыс әдісін насихаттау, социалистік жарысты ұйымдастыру формальды түрде ғана жүргізіледі. Міне, осы жағдайлар ауыл шаруашылығы және дайындау органдары қызметкерлері кәсіподағының жақында болып өткен облыстық конференциясында айтылды. Конференция делегаттары ауыл шаруашылығы және дайындау органдары қызметкерлерінің облыстық кәсіподағы комитетінің төменгі ұйымдарға жасап отырған басшылығындағы кемшіліктерді батыл сынап, оны жоюдың жолдарын атап көрсетті.

1. ПӘРМЕНДІ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС ҮШІН

Социалистік жарыс— адамдардың еңбекке деген белсенділігін күшейтудің, еңбек өнімділігін арттырудың сыналған әдісі. Мұны жасқы түсініп, социалистік жарысты ойдағыдай ұйымдастыра білген жерлерде істің жайы да жақсы. Мәселен, Марьевка совхозы тракторларды, тіркеу саймандарын жөндеудің жылдық жоспарын облыста бірінші болып орындап шықты. Ал, Суворов, Булаев, Образцовая, Чистая МТС-тері мен Черкасск, Октябрь, Мамлют совхоздары төртінші тоқсандық жоспарды мерзімінен бұрын орындады. Бұл шаруашылықтардың механизаторлары арасында партиямыздың XX съезі күрметіндегі со-

(АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ДАЙЫНДАУ ОРГАНДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КӘСІПОДАҒЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ II КОНФЕРЕНЦИЯСЫНАН)



лық етпейді. Механизаторлар арасында көпшілік-ұйымдастыру жұмыстарына мән бермейді. Тіпті кейбір жағдайда бұл жұмыстардан тыс қалады. Мысалы, Шағалы, Қыялы совхоздарының жұмысшылар комитеттерінің жұмысын алайық. Бұл екі совхоз бір бірімен социалистік жарысқа түскен. Солай бола тұрса да жұмысшылар комитеттері социалистік жарыстың барысын кезінде тексермей, оның қорытындысын шығармай келеді. Соның салдарынан екі совхоздың да жұмысшылары мен қызметкерлері қай совхоздың социалистік жарыста алда келе жатқандығын білмейді.

МТС-тердегі, сондай-ақ совхоздардағы жұмысшылар комитеттерінің социалистік жарысқа қалай басшылық жасап отырғанын ауыл шаруашылығы және дайындау органдары қызметкерлері кәсіподағының облыстық комитеті де білмейді. Конференцияда баяндама жасаған облыстық комитеттің председатели Зверовский жолдас Тимирязев атындағы совхоз бен Ворошилов атындағы МТС-те социалистік жарыс ойдағыдай ұйымдастырылған деп мәлімдеді. Шын мәнісінде олай емес. Бұл совхоздарда социалистік жарысты ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар. Бұларда міндеттемелер қабылданған, бірақ оның орындалуы нашар. Бұған Тимирязев атындағы совхозда тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеудің төртінші тоқсандық жоспарының 65 процент, Ворошилов атындағы МТС-те 67,7 процент ғана орындалуы дәлел. Міне, бұл фактінің өзі облыстық комитет қызметкерлерінің төменгі ұйымдарының жұмысымен таныс емес екендігін көрсетеді.

2. МӘСЕЛЕ ОЗАТТАР ТУРАЛЫ

Зверовский жолдас конференцияда жасалған өзінің есепті баяндамасында ауыл шаруашылығының бірсыпыра озаттарының есімін атап өтті. Оның ішінде Социалистік Еңбек Ері, комбайншы Асадулаев, даңқты тракторшы Попов, сауыншылар Дик, Стафеева және басқалары бар. Бірақ, Зверовский жолдас ауыл шаруашылығының бұлар сияқты озаттарының іс тәжірибелерін көпшіліктің игілігіне айналдыру жөнінде кәсіподақ ұйымдарының не істеп отырғандығы жөнінде мардымды ештеңе айтпады. Өйткені кәсіподақ ұйымдарының озаттардың тәжірибесін насихаттау жөнінде істеп отырған жұмысы да шамалы.

Социалистік Еңбек Ері, комбайншы Асадулаев жолдас үстеміздегі жылы, егін жыйнау кезінде комбайнға үшінші тазартқыш орнату жөнінде ұсыныс жасады.

және жергілікті комитеттер де ол қаулылардың орындалуын ұйымдастырмады. Міне осылар сияқты төзгііз жағдайлардың салдарынан облыста озаттардың тәжірибесін насихаттау, ғылымның жаңалықтарын өндіріске батыл енгізу жұмыстары өз дәрежесінде болмай келеді.

Озат тәжірибені зерттеп, өндіріске енгізуді жүйелі жүргізіп отыру керек. Жаңашылдардың тәжірибесін тарату, оны көпшіліктің игілігіне айналдыру — творчестволық іс. Кәсіподақ ұйымдары бұл жұмысқа некекті қараудан, одан тыс қалудан үзілді-кесілді ажырауы керек. Олардың тәжірибесін кеңінен насихаттай, еңбекшілер арасында жаппай өрлеу туғызу, еңбек өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын арзандату жолындағы күресті ұйымдастыру кәсіподақ ұйымдарының төл ісі.

3. ТЫҢ ИГЕРУШІЛЕРГЕ ҚАМҚОРЛЫҚ КҮШЕЙТІЛСІН

Соңғы екі жылдың ішінде облысымызда 19 жаңа совхоз ұйымдастырылды. Партиямыздың шақыруы бойынша бұл совхоздарға тың игеруге мыңдаған патриоттар келді. Бұл сүйсінерлік іс. Сонымен қатар тың және тыңайған жерлерді МТС коллективтері де игеруде. Бұларда да өзіміздің әр түпкірінен тың игеруге келген патриоттар аз емес.

Белген жаңа қоныстанушыларға қамқорлық жасап, олардың өздеріне жүктеген міндетті ойдағыдай орындауына тұрақты жағдай туғызу— алдымен кәсіподақ ұйымдарының міндеті. Бұл ұйымдар әрбір жұмысшының, әрбір қызметшінің тілегін, мұқтажын ескеріп, олардың тілегі мен мұқтажын орындап отыруға зер салуы керек.

Міндет осылай бола тұрса да, көптеген совхоздар мен МТС-терде тың игерушілерге жасалып отырған қамқорлық тиісті дәрежеде емес. Мәселен, Докучаев, Украин, Интернационал совхоздарында тың игерушілер тұрғын үйлермен әлі күнге толық қамтамасыз етілген жоқ.

Мұндай жағдай Аманкелді атындағы совхозда да бар. Бұл совхозда құрылыстың барысы мейлінше баяу. Совхозда құрылыс жұмысын жүргізуге тиіс «Петропавлстройтресінің» жұмысы жаңа талапқа жауап бермейді. Осы трестің совхоздағы өкілі Полицин жолдас құрылыс жұмысын тездетудің орнына, жаз бойы балық аулап, құс атумен күн өткізді. Мұның ақырында құрылыс жұмыстарының жоспары ай сайын орындалмай, салынған тұрғын үйлердің сапасы мейлінше төмен болып келеді.

Конференцияда сөз сөйлеген делегаттар жаңа қоныстанушылардың тұрмыстық қажеттерімен қамтамасыз етілмей отырғандығын, әресе сауда орындары жұмысы-

Мал күтімі жақсартылсын

Хрущев атындағы және «Победа» колхоздарының басшылары қоғамдық малдың өнімін өндіруді арттыру жөнінде бар мүмкіншіліктерді пайдалана алмай келеді.

Хрущев атындағы колхозда мал базаларын жөндеу жұмыстары осы күнге дейін аяқталмаған. Сауын сыйырлар фермасынан басқа фермаларда жабайы мал

азығын алдын-ала дайындап, беру жұмыстары ұйымдастырылмаған.

Жақында Преснов аудандық партия комитеті өзінің бюросында аталған колхоздардың председателдерінің өсебін тыңдап, бұл шаруашылықтарда мал қыстату маусымының жайын жақсарту жөнінде қажетті шаралар белгіледі.

Бірінші орыс революциясының елу жылдығына арналған лекциялар

Копюхов ауданының еңбекшілері 1905-1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының елу жылдығын атап өтуде. Ауданның колхоздары мен совхоздарында, мекемелер мен ұйымдарында бұл тарихи оқиғаға арналған лекциялар мен әңгімелер өтуде.

Жуырда аудандық партия комитеті үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі Петрищев жолдас «Бірінші орыс революциясына елу жыл» деген тақырыпта лекция оқыды.

М. ЖОЛДЫБАЕВ.

Колхоз күн сайын мемлекеттік сатып алу орындарына жүздеген литр сүт сатады. Быйыл колхоз мемлекетке 1400 центнерден астам сүт сатты.

А. МАНУИЛОВ.

Ірі утыс

Облыстың сақтық қасалары 1948 жылы шығарылған мемлекеттік 2 проценттік заемның 16 тиражы бойынша облигация иелеріне ұтыстар төлей бастады. Алғашқы ұтыстар төлеу бастаған күні азамат Н. № 164 сақтық қасасына 012329 сериялы миң сомдық облигациясын жорсетті. Азамат Н. жорсеткен бес нөмерлі облигацияның біреуіне 25 мың, қалған төртеуіне 400 сомнан ұтыс шықты. Сөйтіп, заем ұстаушы Н. 26600 сом ақша ұтты.

В. ДАМАСКИН.

Біздің абройлы борышымыз

КПСС Орталық Комитетінің январь Пленумы таяудағы жылдар ішінде мал шаруашылығының негізгі өнімдерін өсімізді арттыру міндетін қойды. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру үшін мал шаруашылығынан алынатын өнімді, әсіресе сүт өнімділігін жазы-қысы бірдей арттыра беретін мүмкіншіліктерді барынша тиімді пайдалану қажет болып отыр. Мұндай мүмкіншіліктердің бірі— қоғамдық мал үшін мол жемшөп қорын жасау, мал азығындағы құнарлы жемшөптің үлес салмағын барынша жобейту болып табылады.

Егер малдың қысқы азығы тапшы болса, қыста сүт өнімділігі күрт кемиді, мал жүдейді, шығын көбейеді. Өткен қыста Приеним ауданының колхоздарында жағдай дәл осындай болды. Көптеген колхоздар қоғамдық мал үшін, әсіресе құнарлы жемшөпті аз дайындады. Қысқы маусымда сауын сыйырлар тек табиғи пішенмен, сабанмен ғана азықтандырылды. Тойындыра азықтандырылмаған сыйырлар мезгілсіз қожырады, малдың қондылығы төмендеді, ірі мал және төлдер түрлі індетке шалдығып, өлім-жітім көбейді. Қыстан жүзген шыққан сыйырлар өткен жаздың алғашқы жартысында да сүтті көм берді. Осының салдарынан аудан колхоздарында 1955 жылы әрбір сыйырдан сауынған сүт мөлшері 1954 жылғыдан 59 литр көм болды.

Аудан партия ұйымы мал азығын әзірлеудегі өткен жылғы кемшіліктерден қорытынды шығара отырып, быйыл жемшөп әзірлеуге колхоздардағы барлық күш-мүмкіншіліктерді, МТС-тердің техника қуатын барынша жұмылдырды. Әсіресе құнарлы жемшөпті мол дайындауға ерекше назар аударылды. Колхоздарда быйылғы жазда және күзде 14 мың центнер сүрлем өткен жылғыдан артық салынды.

Салынған сүрлемнің басым көпшілігі — жүгері. Тек жүгері сүрлемі ғана аудан бойынша әрбір сыйырға 6 тоннадан келеді. Ал Хрущев атындағы, Буденный атындағы, Каганович атындағы және «Большевик» колхоздарында әрбір сыйыр үшін 8 тоннадан сүрлем бар.

Быйыл барлық колхоздарда сыйырларды сүрлеммен қыстың алғашқы күнінен бастап азықтандыру практикасы енгізілді. Мал-фермалары тұрақты мал күтушілермен толықтырылды. Колхоздардағы товарлы-сүт фермаларына таңдаулы қолхозшылар өсебінен 80-нен астам сауыншылар жіберілді. Малды, әсіресе сыйырларды күзгі-қысқы маусымда зоотехникалық талаптарға сай күту ісі жүйеге қойылды.

Осындай бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру негізінде сыйырлардың күзгі-қысқы маусымда сүт өнімділігі өлеуі арттырылып отыр. Үстіміздегі жылдың октябрь және ноябрь айларында аудан колхоздары бойынша орта есеппен әрбір сыйырдан 179 литр сүт сауылды. Бұл 1954 жылғы осы айлардағымен салыстырғанда 68 литр артық. Үстіміздегі жылдың күзгі-қысқы маусымында сүт өндіруді арттыруда Ленин атындағы МТС қамтытын колхоздар жоғары көрсеткіштерге ие болды. Бұл станцияның қамтуындағы колхоздар бойынша 1955 жылдың 1 октябрінен 1 декабріне дейін әрбір сауын сыйырдан 234 килограмм, немесе 1954 жылдың осы уақытындағыдан 109 килограмм артық сүт сауылды. Ал осы МТС қамтытын Хрущев атындағы колхоз әрбір сыйырдан екі айда 261 литр, «Новая жизнь» колхозы 234 литр сүт алынуын қамтамасыз етті.

Бір құнарлық жағдай сол — быйылғы октябрь, ноябрь айларында әрбір сыйыр-

дың сүт өнімділігін бытырғы октябрь мен ноябрьдегіден арттырмаған бірде-бір колхоз жоқ. Колхоздар мен совхоздардағы алдыңғы қатарлы 60-тан астам сауыншы осы екі айлық тапсырманы артығымен орындады. Өзіне бөкітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан Қызылөскер совхозының сауыншысы Мария Плеткова жолдас 395 литрден, Евгения Древе жолдас 390 литрден, Хрущев атындағы колхоздың сауыншысы Роза Штоль жолдас 316 литрден, Анна Семенов жолдас 309 литрден, Зоя Зиль жолдас 266 литрден және «III Интернационал» колхозының сауыншысы Таисия Храмцова жолдас 298 литрден сүт саууға жетісті. Бұлар және басқа да озат сауыншылар күзгі-қысқы маусымда сүт өндіруді арттыру жолындағы жүрестің, партиямыздың XX съезін өндірістік табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарыстың алдыңғы сапында көле жатқан озаттар, аудан еңбекшілерінің мақтанышы.

Аудан мал өсірушілерінің күзгі-қысқы маусымда сүт өндіруді арттыруда елеулі табыстарға ие болуы ең алдымен ферма коллективтерінің арасындағы ұйымдастыру және үгіт-бұқаралық жұмыстарын белгілі дәрежеде жүргізуіне деуіміз керек. Көптеген партия ұйымдары быйыл малды қолда-қорда күту маусымының бағталуына байланысты мал өсірушілер арасындағы үгіт-бұқаралық жұмыстарды тиімді дәрежеде жүргізу шараларын белгіледі. Әрбір шаруашылықтағы әрбір фермада үгітшілер тағайындалды, олардың күнбе-күнгі жұмыстарына партия ұйымдарының секретарьлары тарапынан басшылық және бақылау күшейтілді. Сауыншылармен және басқа да мал күтушілермен күнбе-күнгі өткізілетін әңгімелерде сол ферманың жағдайын, озат мал өсірушілердің іс тәжірибесін келіпін талқы-

лау, орын алған кемшіліктерді батыл сынап, оны шұғыл жою шараларын белгілеу практикасы енгізілі.

Аудандық партия комитетінің Ленин атындағы МТС аймағындағы жұсаушылар тобының инициативасы бойынша МТС-те сүт сауудың барысы жөнінде колхоз басшыларының, товарлы-сүт фермалары меңгерушілерінің, мал мамандарының кеңесі өткізіліп тұрады. Мұндай кеңестерде сүт өндіруді арттыра беруді қамтамасыз ететін озат тәжірибелер ортаға салынады. Озат әдістерді барлық колхоздардың игілігіне айналдыру шаралары қарастырылады. Кеңестер кейін жұсаушылар тобының қызметкерлері колхоздарда болып, белгіленген шараларды жүзеге асыру жөнінде колхоз басшыларына практикалық көмек көрсетеді.

Бұл станция аймағындағы колхоздарда «Сауыншылар күні» өткізу практикасы жиі қолданылып жүр. Мұндай күндерде алдыңғы қатарлы сауыншылар өздерінің іс тәжірибелерін айтып береді. МТС-тің бас зоотехнигі, колхоз зоотехниктері қысқы маусымда сауын сыйырларды күтудің ғылыми жолдары және еліміздің озат мал өсірушілерінің іс тәжірибелері жөнінде баяндамалар жасайды, озат тәжірибелерді және ғылым табыстарын колхоз өндірісіне енгізу мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Әрбір айдың аяғында МТС-те сауыншылардың социалистік жарысына қорытынды жасалып, сүт сауу жөнінде биологиялық шығарылады. Олар барлық фермаларға жіберіледі және ферма коллективтерінің талқылауы ұйымдастырылады.

Тимирязев атындағы МТС қамтытын колхоздарда 15 күн сайын сүт сауудағы әрбір сауыншының көрсеткіші жыйнақталады. Жоғары көрсеткішке ие болған сауыншыларға ауыспалы қызыл вымпель тапсырылып тұрады.

Әр айдың аяғында сүт сауудың қорытындылары бүкіл аудан бойынша да шығарылып тұрады. Айлық қорытындыла жоғары көрсеткішке ие болып, социалис-

тік жарыста үздік шыққан сауыншылар аудандық Күрмет Тақтасына жазылады. Өткен октябрь, ноябрь айларында үздік көрсеткіштерге жетіскен 27 сауыншы аудандық Күрмет Тақтасына жазылды. Колхоздарда социалистік жарыстың озаттарына айлық жоспардан артық сүт сауғаны үшін қосымша ақы төлеудің уақытылы жүргізілуі қарастырылды, оларға сыйлықтар беру ұйымдастырылып келеді.

Осындай шараларды қолдану негізінде колхоздарда декабрь айында да әрбір сыйырдың сүттілігі өткен жылдың бұл айындағыдан жоғары болып отыр. Бұл айда Ленин атындағы, Тимирязев атындағы МТС-тер қамтытын колхоздар да істің жайы ойдағыдай.

Дегенмен, бұл айтылғандардан ауданның барлық колхоздарында қысқы маусымда сүт өндіруді арттыру мүмкіншіліктері толық пайдаланылып отыр деген қорытынды шықпайды. Кейбір колхоздардың басшылары малды күту, азықтандыру жұмыстарын дұрыс ұйымдастырмай, өткен екі айда сыйырлардың сүттілігі өлеуірі кемітіп алды. Бұған мысал ретінде «III Интернационал» колхозындағы жағдайды алуға болады. Мұнда октябрь, ноябрь айларында сүт өте аз өндірілі.

Мұның сырын тексергенде колхоз председателі Ворошилов, партия ұйымының секретары Вольгин жолдасардың ферма жұмыстарына басшылықты өлеуірі босаңсықандары анықталды. Тіпті олар ноябрь айында әрбір сауыншыға айлық тапсырма жеткізуді де өскермепті. Сауылған сүттің өсебін күнбе-күн дұрыс жүргізу де ұйымдастырылмаған. Сауыншылардың социалистік жарысына басшылық ету партия ұйымының назарынан тыс қалған. Малды, әсіресе, сыйырлардың қондылығына, сүттілігіне, тағы басқа өзгешеліктеріне қарай азықтандыру тәртібі енгізілмеген. Сыйырларды суалту, бұзаулауға әзірлеу тәртібі бұрмаланан келген.

Аудандық партия комитеті сүт өнімділігін кемітуге жол берген бұл колхоздың басшыларын бюро мәжілісінде тыңдап, орын алған кемшіліктерді атап көрсетті. Сонымен бірге сыйырдың сүттілігін арттыру шараларын белгілеп, ол шараларды жүзеге асыруды колхоз басшыларына қатаң талап етіп отыр.

Олардың бұл сыны орынды да. Облыстық, аудандық сауда орындары, әсіресе жаңа совхоздарды көпшілік қолды товарлармен қамтамасыз ету мәселесіне жете мән берілмей келеді. Магазиндерде көпшілік қолды товарлар аз, асханаларда дайындалатын тағамның сапасы төмен.

Конференцияда 14 адам жарыссөзге шығып сөйледі. Олардың барлығы кәсіподақ ұйымдарының бұқаралық-ұйымдастыру жұмыстарын жүргізудегі, адамдарға қамқорлық жасаудағы, ауыл шаруашылығын өркендету ісіне өз үлестерін қосудағы міндеттерін айтты. Ауыл шаруашылығы және дайындау органдары қызметкерлерінің кәсіподағы конференция белгілеген міндеттерді бұлжытпай жүзеге асыруға тиіс. Бұл— олардың ардақты борышы.

Ө. НҰРМҰХАМЕДОВ.

басшыларын бюро мәжілісінде тыңдап, орын алған кемшіліктерді атап көрсетті. Сонымен бірге сыйырдың сүттілігін арттыру шараларын белгілеп, ол шараларды жүзеге асыруды колхоз басшыларына қатаң талап етіп отыр.

Рәс, соңғы уақытта колхоз басшылары өздері жол беріп келген кемшіліктерден қорытынды шығарған сыяқты. Егер колхозда ноябрь айында әрбір сыйырдан орта есеппен 21 литр таза сүт сауылса, декабрьдің алғашқы жартысында әрбір сыйырдан алынған сүттің орта мөлшері 25 литр болып отыр. Бірақ бұл көрсеткіштер фермадағы орташа көрсеткіштерге не болып отырған сауыншылардың әрбір сыйырдан сауын жүрген сүт мөлшерінен төмен. Ал, Таисия Храмцова жолдас сыяқты озат сауыншылардың көрсеткішіне мүлдем ілеуі алмайды да. Мұның өзі колхоз партия ұйымының сауыншылар арасындағы социалистік жарысты әлі де болса өз дәрежесінде ұйымдастыра алмай отырғанын көрсетеді.

Аудандағы бастауыш партия ұйымының мал шаруашылығы саласын көзгі басты міндеті малды қыстан алыны және шығынсыз алып шығу ғана емес, сонымен бірге қысқы маусымда сыйырлардың сүт өнімділігін кемітпеуді қамтамасыз ету болып отыр. КПСС Орталық Комитетінің январь Пленумы алға қойған аса күрделі де жауапты міндет, міне, осыны талап етеді.

Біз малды қыста күту, азықтандыру және сауу жөніндегі алдыңғы қатарлы әдістерді өндіріске көңілінен енгізе отырып, озат тәжірибені насихаттау, мал өсірушілердің шаруашылық және мәдени-тұрмыстық мұқтаждарын өтеу істеріне көбірек назар аударуға, сөйтіп, өзіміздің осы абройлы міндеттерімізді ойдағыдай жүзеге асыруға тиісіміз.

Қ. АМАНТАЕВ,

Қазақстан КП Приеним аудандық комитетінің секретары.

КПСС XX съезін лайықты қарсы алайық!

Қойды көп өсіріп, жүн өндіруді арттыра береміз

Өткен малшаруашылық жылы біздің қой фермасының коллективі 1238 қой өсірді, оның 670-і саулық. Аға шопан Шавалдин жолдас өзіне бекітіліп берілген әрбір 100 саулықтан 120 қозы алды. Ферма бойынша әрбір ірі қойдан 4 килограмм жүн қырқылды. Колхозымыз жыл ішінде қой шаруашылығынан 126 мың сомның табысын алды.

Біз үшін қол жеткен табыс тоқтам емес. Сондықтан 1956 жылы қой басын 2 мыңға жеткізуге, ферма бойынша әрбір 100 саулықтан 120 қозы алуға, әрбір ірі қойдан кемінде 4,2 килограмм жүн қырқуға міндеттеніп отырмыз. Ферма коллективі өздерінің бұл абройлы міндеттерін жүзеге асыруды туысқан Коммунистік партияның XX съезін лайықты қарсы алу мақсатына ұштастыра жүргізіп келеді.

